Мерей ауылдық округінің жергілікті қауымдастық жиналысының №12 хаттамасы

Мерей ауылы **18 қараша 2025 жыл**

Төрағасы: А.Тулакбаев
Хатшы: Д.Қуанышева
Жиналыс мүшелерінің саны: 11 адам
Жүргізеді:
Мерей ауылының жергілікті қауымдастық төрағасы – А. Тулакбаев

Бүгінгі жиналысқа жергілікті қоғамдастық мүшелерінен 11 адам (тізімі жалғанады) қатысып отыр. Жиналысты өткізуге жергілікті қоғамдастық мүшелерінің саны жеткілікті. (Жергілікті қауымдастық мүшелері және ауылдық округ әкімі аппаратының қызметкерлері).

Күн тәртібі:

Мерей ауылының солтүстік беткейінде саябақ ішінде ағаш көшеттерін егу жұмыстары.
(Хабарламашы – З.Магзомов Мерей ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы)

Дауысқа қоямын.
- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 11 адам.

Барлықтарыңыз бір ауыздан ұсынысымды қолдап, қабылдадыңыздар олай болса күн тәртібі бекітілді. Сөз сөйлеймін деушілер болса рұқсат.

Сөйлеушілер:

1. **Мерей ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің мүшесі Қ.Ташимов:**

- 2025 жылға Мерей ауылының солтүстік беткейінде саябақ ішінде ағаш көшеттерін егу жұмыстары жоспарда тұр. Мерей халқының ұсынысымен, тәжіребиесі мол жергілікті жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту жіберуді қалаймыз.

2. Мерей ауылының бақташысы Е.Габдрахманов:

- Соңғы кездері ауылда үнемі ұлттық ойындар өтуде. Әсіресе осы саябақта. Сондықтан, айналасына ағаш көшеттерін егу керек. “M-PROEKT SERVIS” жеке кәсіпкері ауа райы мүмкіндік беріп тұрғанда егіп кетсе дұрыс болар еді.

Scanned with CamScanner

Сөйлеушілер болмаса шешім қабылдансын:

Мерей ауылдық округінің жергілікті қауымдастық жиналысының шешімі:

Жоғарыда айтылғандарды тыңдап, бірауыздан шешім қабылдансын.

«M-PROEKT SERVIS» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту.

Дауысқа қоямын.

- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 11 адам.

Жиналыс шешімі бір ауыздан қабылданды. Олай болса Мерей ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысын жабық деп жариялаймын.

Жиналыс төрағасы **А.Тулакбаев**

Жиналыс хатшысы **Д.Қуанышева**

Scanned with CamScanner